

Здоровому человеку важны такие психические качества как готовность действовать ради удовлетворения собственных жизненных потребностей и умение отличать их от «вторичной страсти», способность по собственному выбору содержать или выражать чувства, умение контактировать с людьми, свобода от беспокойства при ложной опасности и способность действовать при реальной угрозе. Создание положительной мотивации, что включает в себя мысли, эмоции, настроение, возможность индивидуального самовыражения в коллективных занятиях является необходимым условием поддержания психического здоровья студенческой молодежи.

Список использованной литературы

1. Баскаков В. Свободное тело / Баскаков В. – М.: Институт общегуманитарных исследований. – 2004. – 220 с.
2. Бурбо Л. Слушай свое тело – твоего лучшего друга на Земле / Бурбо Л. – М. : «София». – 2008. – 208 с.
3. Курпатов А. Как управлять собой и своей жизнью / Курпатов А. – М. : «ОЛМА». – 2007. – 256 с.
4. Лоуэн А. Психология тела / Лоуэн А. – М. : Институт общегуманитарных исследований. – 2006. – 253 с.

ҒТАМР 14.07.05

ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВТЫҢ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ ИДЕЯЛАРЫ

А.Қ. ДҮЙСЕНБАЕВ

С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Ақтөбе қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Аталған мақалада Құдайберген Жұбанов мұраларындағы патриоттық тәрбие идеялары мен білім беру мәселелері жан-жақты талданған.

Түйін сөздер: патриотизм, Қ. Жұбанов, тіл білімі, лексика

Аннотация. В данной статье анализируются проблемы патриотического воспитания и образования в наследиях Кудайбергена Жубанова.

Ключевые слова: патриотизм, Қ. Жұбанов, языкознание, лексика

Annotation. This article analyzes the problems of patriotic upbringing and education in the heritage of Kudaibergen Zhubanov.

Key words: patriotism, K. Zhubanov, linguistics, vocabulary

Қазақ тарихының қай бетін ашсақ та ұрпақ санасына ұлағат ұялатар сара жолдарға ұласқан соқпақтар сайрап жатыр. Елі мен жерін, діні мен тілін сақтап қалу үшін жан аямай еңбек етіп, жанқиярлық ерлік көрсеткен тұлғалардың маңдай тері мен төгілген қанының табы айғызданған сүрлеулер ел жадында мәңгі сақталған. Мұны біз тарихи кезеңмен айтар болсақ, 1917 жылғы Қазан төңкерісі Ресей мемлекетінің бодандығында барлық ұлттар мен ұлыстардың саяси санасына өзіндік ықпал етті. Эсер-кадеттік, большевиктік, меньшевиктік саяси ағымдар қазақ зиялыларының тәжірибесіз саяси көзқарасының қалыптасуына өзі әсерін тигізді. Ғасырдың бас кезіндегі Столыпин реформалары, I дүниежүзілік соғыс, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, елдегі басқа да саяси оқиғалар қарапайым бұқараны бей-жай қалдырмай, қоғамдық-саяси өмірге араласуына итермеледі. Әр заман өз дәуірінің дарыны мен ғұламасын, ақыны мен жазушысын, ағартушылары мен педагогтарын даралап шығаруы – тарихи ақиқат.

Қазақ халқының тарихи тұлғалары мен ойшылдарының мұраларындағы тәлім-тәрбие, әдептілік, имандылық туралы зерделеу мәселелері ғасырдан ғасырға ұласып келе жатқан ұлы мақсат-мұраттардың ішіндегі ең негізгілерінің бірі болып саналады. Ал қазіргі таңда сол бір ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан халықтық тәрбиенің мақсаты – түркілік рух, азаматтық парыз, Отан алдындағы борыш, елдік пен бірлік ұстанымдары болып табылады. Демек, мұндай тағылымдық өнегелердің дені қазақ ойшылдары мен қоғам қайраткерлерінің мұраларындағы жастарды адамгешілікке, ізгілікке, әдептілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеудегі ұлттық идеяларымен байланысты. Мұндай өнегелік идеяларды біз «Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу – қазақтың таным-түсінігінде ертеден қалыптасқан үрдіс. Қазақтың қария сөздерінде, яғни шежірелік зердесінде тарих ұдайы жеке тұлғалардың өмір дерегі арқылы танылып отырады. Қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ахуалы ұдайы жеке тұлғалар болмысы арқылы көрініс табады. Содан болу керек, қазақтың дәстүрлі философиялық пайымдауында өмірді өзгертуден бұрын, алдымен адам санасын шыңдауға көбірек мән беріледі. Дәл сол сияқты шежірелік дәстүрде де қоғам дамуының жалпы ахуалынан бұрын, алдымен адам туралы мағлұмат беру басты нысана болып отырады» деген дәстүрге сәйкестендіреміз [1, 3-б.].

Қайшылығы мол кезеңде өмір сүріп, ұлтына адал еңбек етіп, қағидаға айналған қанатты сөздері мен өшпес атын, саналы ұрпақ тәрбиелеудегі ұлағатты ойларын қалдырған асыл азаматтарымыздың бірі Құдайберген Қуанұлы Жұбанов 1899 жылы Орал облысы (Қазіргі Ақтөбе болысы) Темір уезі Орқаш болысы Қосуақтам елді мекенінде орташа шаруа отбасында дүниеге келген. Құдайберген Жұбанов 1914 жылы «Хусайния» медресесінде оқу үшін Орынбор қаласына барады. Мұнда ол дүниәуи ғылымдарға көңіл қойып, орыс тілін үйренеді. Осы жерде ана тілін оқыту әдістемесінің теориялық курсының негізін

салушылардың бірі Шамғали Харесұлы Сарыбаев сияқты достар табады. 1916 жылы Құдайберген Жұбанов Жұрын екі сыныптық орыс мектебінің төртінші сыныбын бітіреді, бір жылдан кейін, яғни 1918 жылы 5 және 6-сынып бағдарламаларын бір оқу жылында қатар өтіп, Елек училищесін үздік бітіреді. Осымен Құдайберген Жұбановтың білім алуының бірінші кезеңі аяқталады. Ол оқуын «Оспан-ишан» мешітінде Құраннан бастап, орта білімді Елек орыс училищесінің қабырғасында аяқтайды. Құдайберген Жұбановтың бастапқы кезде алған білімі оның тілші-ғалым болып қалыптасуына негіз болғанын айта кетуіміз керек. Өйткені ол осы жылдары араб және парсы, сондай-ақ орыс тілі сияқты құрылымы өзге тілдерді меңгереді. Он сегіз жасында-ақ Құдайберген Жұбанов түркі, араб және парсы тілдерінің сөйлеу, сондай-ақ жазба тілдерін меңгеріп шығады. Құдайберген Жұбанов бала кезінен әдебиетке қызығып, кейбір шығыс тілдерін білгендіктен, көптеген араб-парсы әдебиетін, атап айтқанда, Фирдоусидің «Шахнамасының», Сағдидің «Гүлістанының», Низамидің «Ләйлі мен Мәжнүнінің» және т.б. классикалық туындылардың түпнұсқасын оқиды. Классикалық Шығыстың тілі мен әдебиетінен алған білімі оған кейіннен Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты қазақ тілі кафедрасының профессоры болып, Орта Азия мен Қазақстан халқының мәдениеті мен өнеріне арналған әртүрлі мәселелерге қатысты көптеген іс-шараларға белсенді қатысқан кезінде көп пайдасын тигізді.

1925 жылы Құдайберген Жұбанов Ақтөбе ГубОНО-сында инспектор-әдіскер болып жұмыс істейді. Ол сол кездің өзінде бірден үш шет тілін – неміс, ағылшын және француз тілдерін үйренуге бар ынтасын салады. Алғашқыда оған қала мектептерінің оқытушылары мен жеке адамдар сабақ берсе, кейін өз бетінше оқып, толық меңгеріп алады. Осы кездері академик И.П.Павловтың, В.М.Бехтеревтің және басқа да көрнекті орыс ғалымдарының еңбектері бойынша психология, педагогика, педагогика, логика және рефлексология пәндерін үлкен қызығушылықпен оқиды, Мәскеу, Қазан, Баку, Ташкент, Ленинград сияқты қалалардан Е.Д.Поливанов, В.А.Богородицкий, И.И.Мещанинов, Агамалы-оглы және т.б. көптеген ғалымдарымен хат алысады.

1928 жылдың көктемінде Құдайберген Жұбановты Қазақстан Республикасының сол кездегі астанасы Қызылорда қаласына шақырады, онда ол Халық Ағарту комиссариатының (Наркомпрос) инспекторы болып жұмыс істейді. 1929 жылы қаңтар айында ғалымды Ленинград қаласындағы Шығыстың түркі тілдері институтына түркологиялық семинар бойынша аспирантураға жібереді. Құдайберген Жұбанов өз бетінше жалпы тіл білімі және түркітану саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ол жаңа латын әліпбиіне өтуге арналған іс-шараларға белсене араласады, 1929 жылы маусым айында қазақ орфографиясының негізгі қағидаттарын әзірлеу мәселесіне қатысты. Ол Қызылорда

қаласында шақырылған ғылыми-орфографиялық конференцияда сөз сөйлейді. 1930 жылы Құдайберген Жұбанов Алматы қаласында өткен Қазақстанның Бірінші өңіртану құрылтайында «Смыслы бессмысленных слов» деген тақырыпта баяндама жасайды. Бұл баяндама оның бірнеше түркі тілін салыстыра зерттеген тиянақты ғылыми ізденістерінің нәтижесі ретінде көрінді. Ал «Шаруашылық одағайлары» («Скотоводческие междометия казахов») атты баяндамасы үй жануарларына қаратылып айтылатын қазақ одағайларын талдауға арналған. Кейбір деректерге сүйенсек, 1937 жылы Құдайберген Жұбановтың «Материалы к научной грамматике» (том I, Фонетика), «Еще раз о глаголе» және т.б. бірнеше жұмысы жарық көруі тиіс болатын. Бірақ олар туралы деректер жоқ. Құдайберген Жұбанов түркі және басқа тілдердің білгірі ғана емес, қабілеті ерекше публицист болатын.

Сонымен қатар, Құдайберген Жұбанов оқу-ағарту саласында, білім беру жүйесінде мектеп өмірін жаңарту қажеттілігіне орай құнды пікірлерін кәсіби біліктілікпен педагогикалық тұрғыдан талдап, өз ұстанымдарын айқын, анық айта білген. Мектеп – жүйелі оқу бағдарламалары арқылы оқушыларды ғылыми тұрғыдан нақты оқытатын және тәрбиенің негізгі бағытын беретін білім мен тәрбие ортасы болып саналады. 1920-1930 жылдары мектеп жүйесін педагогикалық негізге сай жасақтау өз маңызын арттырып, білім және тәрбие берудегі қажетті жолдарды және олардың әдістерін дамыту басты міндет болып есептелген. «Мектеп үйлері өте аз, оның ішінде ауыл мектептері сорақы аз», - деп мектептердің тұрмыс-тіршілігіне тоқталған Құдайберген Жұбанов: «Әсіресе, қазақ ауылындағы мектептердің күйлері адам аяғандай, терезелері кішкентай, парталардың ішінде жарамды қара парталар жоқ, иесіз үй сияқты, аз уақыттың ішінде-ақ сау баланы ауру қылып шығаруға болады. Тазалыққа үйренген бала болса, дереу арада тазалықпен қоштасуы қиын емес. Ал тазалыққа үйретуді ойламай-ақ қоюға болады деп, мектеп өміріндегі қиыншылық жағдайларды ерекше ескерткен»? Тазалық – денсаулық кепілі деген халық тұжырымына сәйкес дені сау балаға сапалы білім беруге болатындығы айқын еді [2].

Мектептер мен басқа да оқу-тәрбие орындарында шешілмеген түйінді жәйттердің көптігін анықтаған Құдайберген Жұбанов мұғалімдердің білім сапасының деңгейіне де сандық сараптама жасайды. Сонымен қатар қазақ мектептеріне арнап бастауыш сынып балаларының тіліне икемді, сөздік қорын жетілдіруге арналған әліппе туралы зерттеулер жүргізген болатын. Дерек бойынша: «Жаңа әліппені үйрен! Жаңа әліппе сабақтары: жаңа әліппенің әріптері, бірінші сабақ, екінші сабақ. Жаңа кітаптар: 1. Жаңа әліппе туралы, 2. Жаңа әліппе сабағы. Губерния ішінде. Округтың жаңа әліппе комитетінде. Қ. Ж. «Кедей» газеті, № 35, 36, 1928 жыл, ноябрь» баспасөзде жарық көрді. 1929 жылы қазақ жазуы латын графикасына көшіріліп (бұл мәселе алғаш рет 1924 жылғы білімпаздар съезінде сөз болады), жаңа жазуға көз жаттықтыру, қол үйрету, жаңа жазуға дағдыландыру, төселдіру қажет

болғандықтан әрі 1929 жылғы емле конференциясының қаулысына сәйкес емледе көптеген өзгеріс болуына байланысты әліппе қоғам сұранысы бойынша жазылған. Әліппе ХХ ғасырдың басында жиі қолданылған әдістің бірі – тұтас сөз әдісімен жазылған. Дидактиканың «жеңілден – қиынға, түсініктіден – түсініксізге» принципі басшылыққа алынып, балалардың жазуына, оқуына жеңіл болуына ерекше мән берілген. Қиындығына қарай бастапқыда бір буынды сөз (а), онан соң екі буынды сөз (а-на), соңынан үш буынды сөз (а-на-ма), кейін көп буынды сөздер оқытылған. Соған сәйкес әуелі екі дыбысты ашық буын (дауысты дыбыс буын соңында а-на), сонан соң екі дыбысты бітеу буын (ат), онан соң ортасы дауысты буын (нан, мал), соңынан төрт дыбысты буын (қарт, төрт) оқытылған. Әліппеге енген материалдар (лексикалық минимум) да сол ұстанымды негізге алған: үй іші, мектеп, мектеп тәртібі, күзгі жұмыс пен жаратылыс, қысқа қамдану, қыс басы. Кітап соңында кеспе әліппе берілген. Әліппе кітабы атына заты сай қазақ мектебі үшін, оқытушылар үшін жаңа, тың дүние болғандықтан, оның әдіс-тәсілдерін мұғалімдерге де үйрету қажет» деп келтіреді [3, 56-57 бб.].

Қоғам қайраткері, лингвист, ғалым Құдайберген Жұбановтың тіл білімі, педагогика, этнопедагогика және ұлт мектебі туралы жарық көрген еңбектерінің дені әлі жарыққа шығып үлгірмеген болатын, оларды конфискациялап, өртеп жібереді. Оның «Қазақ тілінің грамматикасы», «Қазақ тілінің емлесі мен әліппесіне кіргізілетін өзгерістердің жобасы», «Термин-сөздердің спецификасы жөнінде» және емле, әліпби, дидактика, педагогикалық терминология жүйесі т.б. мәселелерді қарастырған ғылыми еңбектері қолымызға жетті. Қорыта келе, болашақта қоғам қайраткері, профессор Құдайберген Жұбановтың мұраларын зерттеп, оның өмірі туралы тың деректер тауып, ғылыми айналымға енгізу қажеттілігі зор деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары. Оқу құралы / Құраст. М.Жолдасбекұлы, Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек. – Астана: «KULTEGIN», 2001. – 357 б.
2. Жұбанов Қ. Сауатсыздықты жоятын нұсқаушы мектеп // Кедей, 14 қазан, № 62. 1925 ж.
3. Жұбанов Қ. Қазақстан жаңа әліппешілерінің тұңғыш конференциясы / (1928 ж., декабрь 9-12). Жұбанұлының сөзі (Ақтөбеден), 27-29 және 56-57 беттерде. Қазақстан баспасы – 1930 ж., Қызыл-Орда, (ВІЦКНТА заказы бойынша).